

С.Оразалин атындағы ЖОББМ «Айналайын» ән үйірмесінің 2022-2023 оқу жылындағы жүргізген жұмыстарына талдама.

Мектептегі үйірме жұмыстары – сыныптан тыс жұмыстардың күре тамыры десе де болады. Оқушылардың белсенділігі мен әнге қызығушылығын арттыру мақсатында көптеген шаралар ұйымдастырып, үйірме оқушылары түгіл қатыстырып отырдым.

2022-2023 оқу жылына арнап «Айналайын» вокалды ән үйірмесінің жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Үйірмеге 2-6 сынып оқушылары қамтылды. Нығмет Зере, Сәтжан Гүлназ, Жәнібек Ханзада, Мәлік Айша, Бекболатқызы Нұрдана, Әбдібай Зере, Қуанышова Кәусар, Нұрлыбек Айкөркем, Шүйіншібай Сымбат, Насрадин Бекзат, Аманғалиқызы Дариға, Мирамбек Айым, Қасымова Аяулым, Келжан Мирамбек, Мешітбай Назар.

Соның нәтижесінде мектепшілік «Ұстаз – ұлы есім» тақырыбында мерекелік концерттік бағдарлама қойдық. Ұстаздар қауымына арналған «Ұстазым», «Ұстаз ана» тағы басқа көптеген әндер орындалды. Апталық аясында барлық сынып қамтылып отырды. Қазан айында өткен Отбасы күніне орай «Менің отбасым» тақырыбында кеш өткізілді. Оқушылар ана, әке, әже туралы әндер орындады сонымен қатар «Отан», «Бақытты баламыз» әндерін хормен орындады. Балалар өздерін сахнада еркін ұстап, сахна мәдениетін, эстетикалық талғамында арттыратыны сөзсіз. Үйірме оқушылары мектепшілік іс-шараларға белсене қатысып отырылды. Республика күніне орай «Менің Қазақстаным» атты үйірмелердің бірігіп ұйымдастыруымен мерекелік концерттік бағдарлама өткізілді. Осындай іс-шаралардың нәтижесінде өнер арқылы еліміздің патриоты болуға тәрбиелеп келемін.

Үйірме жетекшісі Усманова Ж.Ш.